

Ж. Ж. Мухамадиева, 3-курс

**Фылыми жетекшісі: Ш. Қ. Құсайынов, қылмыстық іс жүргізу кафедра-
сының бастығы, заң өнімдерінің кандидаты
(КР ІІМ Б. Бейсенова атындағы Қарағанды академиясы)**

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ЖҮРГІЗДЕГІ АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті корғанысты қоса алғанда, занға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен корғауға хакылы деп жарияланған. Сонымен, Негізгі Заң Қазақстанда адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын корғаудың құқықтық негіздерін қалыптастырады.

Айыпталушының құқықтарын зерттемес бұрын біз біріншіден айып, айыпталушы, айып салу ұғымдарына тоқталып кетсек, яғни айып (заң жолы, салт) — барымта, қылмыс, ұрлық, дәстүрді бұзғаны және т. б. жағымсыз іс-әрекеті үшін қылмыскерлерге берілетін жаза. «Айыбына атын алып қалып жаяу қайтарындар!» (F. Мұсірепов). Мысалы, көп алдында орынсыз дау-жанжал шығарған адамдарға айып салынады. Жазаланушы адам оны сол сәтте орындауды тиіс. Айыптың түрлері көп. Женіл кінәлары үшін тән немесе ат төленеді. Ауыр қылмыстар жасағандар тоғыз төлейді. Бұл түйе бастаған тоғыз мал немесе ат бастаған тоғыз мал немесе өгіз бастаған тоғыз мал деген сез (Түйе бастаған тоғыз: 3 бас түйе, 3 бас жылқы, 3 бас сиырдан тұрады. Ат бастаған тоғыз 3 жылқы, 3 сиыр, 3 қой, т. с. с. Қылмыс (ұрлық) өте ауыр болса, бұл айып үш еселенуі мүмкін. Әрине, бұдан басқа да түрлері бар. Айыптың әлеуметтік, тәрбиелік, құқықтық маңызы зор. Келесі айыпталушы — Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіп пен қылмыстық жауапкершілікке тартылған адам. Ici бойынша басты сот талқылауы тағайындалған айыпталушы — «сомталушы»; айыптау үкімі шығарылған айыпталушы — «сомталған»; ал актау үкімі шығарылған айыпталушы — «ақталған адам» деп аталауды.

Айыпталушының занға қарама-қайшы келмейтін құралдармен, тәсілдермен өзінің құқылары мен занды мүдделерін корғауга, өзінің не үшін айыпталатының білуге, жауап беруге немесе одан бас тартуға және т. с. с. құқы бар. Бостандықта жүрген айыпталушы тергеушінің шақыртуы бойынша шақыртылған мерзімде келуге міндепті.

Айып салу (арабша нұқсан, жаза) — дәстүрлі құқықтық мәдениетте істеген қылмыстық іс-әрекетіне орай белгіленетін жаза түрі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес қылмыстық іс жүргізудің міндептері қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапқа тарту, әділ сот талқылауын және қылмыстық занды дұрыс қамтамасыз ету болып табылады. КР ҚДЖК-нің 69-бабына сәйкес, өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотты жеke айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай ақ оған қатысты анықтау органның бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам айыпталушы болып танылады және осы бапта айыпталушылардың құқықтары көрсетілген. Тергеуші айыпталушыны жауаптылыққа тартқанда, осы зандарда көрсетілген тәртіпті бұлжытпай орындауды қажет. Бірақ қазіргі кезде зансыз, негіzsіз жауапқа тартушылық әлі күнге дейін кездеседі. Иә, қылмыстық жауаптылыққа тартуда категік болу әбден мүмкін, ол тергеушінің білімі мен тәжірибесінің жетіспеуіне, асығыс шешім қабылдауымен және басқа да субъективті себептерге байланысты. Бұлар міндепті түрде, үнемі болып тұратын категік емес, тергеушінің мұндай категіктерін болдырмаудың мүмкіншіліктері жеткілікті. Қазір көбінесе адамдардың (сезікті адамдардың) білімі жоқтығын немесе сауатсыздығын пайдаланып, жауап алу және күш

қолдануын айтуға болады. Айғақ беруден бас тарту құқығын бұзып, одан бас тартсаң ҚР ҚІЖК-нің 352-бабымен жауапқа тартыласың деп жалған айтуын мысалға айтуға болады. Міне, біз осының бәрін алдын алу үшін шешу жолдарын табуымыз керек.

Сондықтан біздің ойымызша, тергеушілерге айыпкерлердің құқықтарын сақтап, олармен дұрыс, занды қарым-қатынаста болу жолдарын көрсететін, үйрететін пән енгізу керек деп ойлаймыз. Мысалы, ҚР ішкі істер органдарының қызметкерлерін дайындайтын оқу орындарында жеке пән ретінде енгізіп, оқыту керек деп санаймыз. Тәжірибеге бармас бұрын болашақ қызметкерлер біршама өзін-өзі ұстай біліп, занда көрсетілген тәртіпті сақтауға тырысады.